

### **Тәжірибелік сабақ №3.**

**Тақырыбы:** Жыраулар мен ақындар мұрасының көркемдік ерекшелігі. Сыпыра жырау, Қыдан тайшы шығармалары

**Мақсаты:** Жыраулар мен ақындар мұрасының көркемдік ерекшелігімен танысу. ХІҮ-ХҮ ғасырларда өмір сүрген жыраулар сөздері мен бейнесі бізге фольклорлық мұралар – батырлар жыры, аңыз, эпсаналар, арқылы жетті. Ол мұралардан біз халықтың сөз өнеріне деген түсінігін, жыраулардың өмірбаяндық деректерінен хабар алу. Жырау қариялылығы – халық эстетикасы, қалың бұқараның билік иесі айтқысы келген арман – тілегі екендігін түсіндіру.

#### **Негізгі сұрақтар:**

1. Ақын-жыраулар мұрасының көркемдік ерекшелігі.
2. Жыраулық поэзия және оның зерттелуі
3. Жұмақұл, Сыпыра жырау фольклорлық дәстүр арнасында. Шыңғыс хан – Кетбұға немесе Ақсақ құлан аңызы.
4. Қыдан тайшы туралы деректер.

**Тапсырма:** Аталмыш тақырыпты ғалымдар еңбектерінен жинақтап, қысқаша өз ойыңызды білдіру

#### **Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:**

Жыраулық поэзия және оның зерттелуі, ерекшелігі туралы түсінік беру; Жыраулар мен ақындар мұрасының көркемдік ерекшелігімен танысу. Сыпыра жырау, Қыдан тайшы жөніндегі дерек көздерімен жан-жақты танысу.

«Дербес пікір жазу» тәсілі бойынша берілген тақырыпқа қатысты өз көзқарасыңызды білдіріп, ойыңызды жазу сұралады. Ойыңыз мынандай құрылымнан тұруы керек:

1. Өзіндік пікіріңіз –1-2 сөйлем.
2. Дәлеліңіз – 2- 3 сөйлем.
3. Өз пікіріңізді дәлелдейтін мысал – 2 сөйлем.
4. Өз пікіріңізге қарсы дәлел – 1 сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1-2 сөйлем.
6. Қорытынды– 2 сөйлем.

**Есеп беру түрі:** Дербес пікір жазу.